

ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ

«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
№1 МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

10.10.2022 жыл

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:

АК төрағасы, Жедел медициналық жәрдем кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к. Бабаева К.С.;

АК мүшесі, Академиялық персоналдар:

пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., Алимбекова Л.Т., арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Нускабаева Г.О., адам морфологиясы және физиологиясы кафедрасының меңгерушісі, PhD Жунисова М.Б., адам патологиясы кафедрасының аға оқытушысы, м.ғ.к. Татыкаева У.Б., терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі м.а., аға оқытушысы Ахтаманов Д.М., хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының меңгерушісі м.а. Кожамбекова Э.А.;

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: КДО бас дәрігері Осман Ажар, «Ырыс Дент» клиникасының директоры Шотаев С.Ы.;

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері: 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты Бекарыстанова А.К., 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты Баймырза К., 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті Жебел А., 6B10176 – «Медицина» Жалпы медицина БББ студенті Исаева Д.

Қатыспағандар: жоқ.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы бұйрықпен танысу. *Жауаптылар:* АК төрағасы Бабаева К.С., АК мүшелері.
2. Академиялық комитет жұмысын ұйымдастыру, 2022-2023 оқу жылына жұмыс және мәжілісі жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну. *Жауаптылар:* АК төрағасы Бабаева К.С., АК мүшелері.
3. Академиялық комитет ережелерімен танысу. *Жауаптылар:* АК төрағасы Бабаева К.С., АК мүшелері.
4. Денсаулық сақтау бағыты бойынша нарықтық қажеттіліктерді талқылау. *Жауаптылар:* АК төрағасы Бабаева К.С., АК мүшелері.
5. Университет түлектерінің моделін әзірлеу (әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру; түлектер моделін әзірлеу). *Жауаптылар:* АК төрағасы Бабаева К.С., комиссия мүшелері.

1. «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы бұйрықпен танысу. Жауаптылар: АК төрағасы Бабаева К.С., АК мүшелері.

«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитетінің төрағасы Бабаева К.С. АК мүшелерін 2022-2023 оқу жылында жоғарыда аталған бағыт бойынша арнайы академиялық комитет ашылғанын айтып, университет басшылығының 29.09.2022 ж. күнімен шыққан №190 «Кадр даярлау бағыттарының барлық деңгейлері бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы» бұйрығымен таныстырды. Бұйрық Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ ҚР ҒЖБМ 20.07.2020 ж. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» №2 бұйрығының 20 пункт негізінде кадр даярлау бағыттарының барлық деңгейлері бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеп, Реестрде тіркелуін және қолданыстағы БББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде аккредитеуді және жаңартуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыратын алқалық ұйымы болып табылатын Академиялық комитет құрамын бекіту мақсатында шығарылған. Бұйрыққа сәйкес келесі тұлғалар АК құрамы болып бекітілді:

1. АК төрағасы, Жедел медициналық жәрдем кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к.

Бабаева К.С.;

АК мүшесі, Академиялық персоналдар:

пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., Алимбекова

Л.Т.,

арнайы клиникалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., доцент Нускабаева

Г.О.,

адам морфологиясы және физиологиясы кафедрасының меңгерушісі, PhD Жунисова

М.Б.,

адам патологиясы кафедрасының аға оқытушысы, м.ғ.к. Татыкаева У.Б.,

терапиялық және ортопедиялық стоматология кафедрасының меңгерушісі м.а., аға оқытушысы Ахтаманов Д.М.,

хирургиялық және балалар жасындағы стоматология кафедрасының меңгерушісі м.а. Кожамбекова Э.А.,

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері:

8. КДО бас дәрігері Осман Ажар;

9. «Ырыс Дент» клиникасының директоры Шотаев С.Ы.;

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері:

10. 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты Бекарыстанова А.К.;

11. 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты Баймырза К.;

12. 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті Жебел А.;

13. 6B10176 – «Медицина» Жалпы медицина БББ студенті Исаева Д.

Академиялық комитет мүшелері бұйрықпен танысты және бір ауыздан қабылдап, алдағы уақытта атқарылатын іс-шаралар мен ұйымдастыру жұмыстарын талқылауға өтті.

Сонымен қатар, АК-нің хатшысын тағайындау туралы ұсыныстар айтылды және «Жедел медициналық жәрдем» кафедрасының магистр-оқытушысы Ахатаева М.Б. ұсынылды, бір ауыздан қабылданды.

1. ШЕШІМ: «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы бұйрығы назарға алынсын.

2. Академиялық комитет жұмысын ұйымдастыру, 2022-2023 оқу жылына жұмыс және мәжілісі жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну. Жауаптылар: АК төрағасы Бабаева К.С., АК мүшелері.

АК төрағасы «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитет алдыңғы күн тәртібінде таныстырылған бұйрық негізінде және алдағы уақытта талқыланатын АК ережесіне сәйкес ұйымдастырылатынын айтып, АК-тің жұмысы мен мәжіліс жоспарын талқылауды ұсынды:

№	Орындалатын жұмыстар	Орындау мерзімі	Орындаушы	Орындау нәтижесі
1	1 «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша Академиялық комитет құрамын бекіту туралы бұйрықпен танысу	Қазан, 2022 ж.	АК төрағасы, мүшелері	Хаттама
	2 Академиялық комитет жұмысын ұйымдастыру, 2022-2023 оқу жылына жұмыс және мәжілісі жоспарын талқылау, бекітуге ұсыну		АК төрағасы, мүшелері	Хаттама
	3 Академиялық комитет ережелерімен танысу		АК төрағасы, мүшелері	Хаттама
	4 Денсаулық сақтау бағыты бойынша нарықтық қажеттіліктерді талқылау		АК төрағасы, мүшелері	Хаттама
	5 Университет түлектерінің моделін әзірлеу (әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру; түлектер моделін әзірлеу)		Комиссия мүшелері	Семинар, түлектер моделі
2	1 БББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлау жүргізу	Желтоқсан, 2022 ж.	Комиссия мүшелері	Постмониторинг нәтижелері
	2 БББ-ның ішкі аудитін ұйымдастыру		Комиссия мүшелері	Аудит нәтижелері
	3 БББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру		Комиссия мүшелері	Семинар, тренинг
	4 БББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдау		Комиссия мүшелері	Бакалавриат БББ мақсаттары, оқыту нәтижелері
	5 Оқыту нәтижелеріне кол жеткізуді бағалау әдістерін және құралдарын жобалау		Комиссия мүшелері	Оқыту нәтижелерін бағалау әдістері мен ұралдары
	6 БББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру		Комиссия мүшелері	Семинар, тренинг
3	1 Интеграцияланған БББ мазмұнын жобалау	Ақпан, 2023 ж.	Комиссия мүшелері	БББ мазмұны
	2 Интеграцияланған БББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау		Комиссия мүшелері	БББ мазмұнын оқыту стратегиясы
	3 Жанартылған және жаңа әзірленген БББ ішкі және сыртқы сараптаудан өткізу		Комиссия мүшелері	БББ сараптау нәтижелері
	4 Жанартылған және жаңа әзірленген БББ паспортын әзірлеу, БББ тізілімдемесіне ұсыну		Комиссия мүшелері	БББ тізілімдемесіне өтінім

5	БББ тізілімдемесіне ұсынылған эксперттердің ескертулері мен ұсыныстарына жауаптар әзірлеу		Комиссия мүшелері	Эксперттерге жауап хаттар
	БББ тізілімдемесінде тіркелген БББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету		Комиссия мүшелері	Рәсімделген БББ
4	БББ іске асыру үшін университеттің мүмкіндіктерін талдау	Сәуір, 2023 ж.	Комиссия мүшелері	Талдау нәтижелері
	БББ шеңберінде әр пән оқытушысының менгеруі тиіс біліктілік тізімін анықтау		Комиссия мүшелері	Бекітілген біліктілік тізімі
	Қазақстандық және халықаралық нарықта оқытушылар мен ғалымдарды қабылдау үшін ашық конкурста ұсыныс әзірлеу		Комиссия мүшелері	Ұсыныс
	БББ пәндері бойынша оқулықтарға және оқу-әдістемелік құралдарға тапсырыс дайындау		Комиссия мүшелері	Тапсырыс беру
	БББ өзіндік бағалау жүргізу: - соңғы 3-5 жылда БББ қатысқан рейтинг нәтижелері; - Қазақстандық, шетелдік жетекші университеттермен серіктестік жұмыстар нәтижелері; - жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері; - сауалнамалар (білімгерлердің, жұмыс берушілердің, түлектердің, басқа да қызығушы тараптардың) нәтижелері; - білімгерлердің контингентін қалыптастыру нәтижелері; - түлектердің жұмысқа орналасу нәтижелері		Комиссия мүшелері	БББ бойынша өзіндік бағалау есебі
5	АК жылдық есебін талқылау, бекітуге ұсыну	Маусым, 2023 ж.	АК төрағасы, мүшелері	Жылдық есеп

Академиялық комитеттің жұмыс және мәжіліс жоспары талқыланып, бір ауыздан бекітуге ұсыныс жасалды.

2. ШЕШІМ: Академиялық комитетінің 2022-2023 оқу жылына жұмыс және мәжілісі жоспарын бекітуге ұсынылсын.

3. Академиялық комитет ережелерімен танысу. Жауаптылар: АК төрағасы Бабаева К.С., АК мүшелері.

Бабаева К.С. Академиялық комитеттің жұмыстарын ұйымдастыратын негізгі құжаттармен танысуды және талқылауды ұсынды:

1. Университет басшылығының 31.08.2022 ж. бекітілген УЕ-ХҚТУ-113-2022 «Академиялық комитет ережесі» келесі нормативтік сілтемелер негізінде әзірленген:
 - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 2007 жылғы 27 шілдеде қабылданған (толықтырулар мен өзгертулерімен);
 - «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары», ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген (толықтырулар мен өзгертулерімен);
 - «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары

білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген;

- Денсаулық сақтау саласындағы білім беру деңгейлері бойынша Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 4 шілдедегі № ҚР ДСМ-63 бұйрығы

- Университеттің Академиялық Саясаты.

АК – кадрларды даярлау бағытындағы барлық деңгейде жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеп, Реестрде тіркелуін және қолданыстағы ББ ішкі және сыртқы сараптаулар нәтижесінде аккредиттеуді және жаңартуды қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыратын алқалық ұйымы болып табылады. АК – университетте іске асырылатын білім беру бағдарламаларының сапасын үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

Ережеде АК қызметінің негізгі бағыттары және міндеттері, АК құрамын бекіту және жұмыс тәртібі, АК құқықтары, жауапкершілік және өкілеттілік пункттері талқыланды.

2. АК жұмыстары негізделетін келесі құжат «Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жаңарту ережесі». АК-тің мүшелері 23.12.2021 ж. бекітілген ереженің мазмұнын талқылады және танысты.

3. **ПЕШІМ:** Академиялық комитет ережелері назарға алынсын.

4. Денсаулық сақтау бағыты бойынша нарықтық қажеттіліктерді талқылау.

Жауаптылар: АК төрағасы Бабаева К.С., АК мүшелері.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі, ҚДО бас дәрігері Осман Ажар: мамандықтар бойынша медициналық кадрлардың құрылымын қалыптастыру денсаулық сақтаудағы кадр саясатының мәселесі болып табылады. Қазіргі уақытта көрсетілетін медициналық көмектің қажетті мамандану деңгейін анықтау туралы нақты мәселе бар. Халыққа медициналық көмек көрсету жүйесінің негізін алғашқы медициналық-санитарлық көмек (МСАК) құрайды. Алғашқы медициналық көмекті жалпы тәжірибелік дәрігерлер, учаскелік жалпы тәжірибелік дәрігерлер, педиатрлар, учаскелік педиатрлар және жалпы тәжірибелік дәрігерлер (отбасылық дәрігерлер) көрсетеді. Қазіргі уақытта медицина қызметкерлерінің саны мен құрылымы мен саладағы қызмет көлемі арасында алшақтық бар. Жалпы тәжірибелік дәрігерлер мен тар мамандар арасындағы арақатынаста теңгерімсіздік бар. Дәрігерлердің (СМП) қолжетімділігіндегі бар асимметрия әртүрлі деңгейлерде түзетуді талап етеді.

АК мүшесі, Академиялық персонал, пропедевтика және ішкі аурулар кафедрасының меңгерушісі, м.ғ.к., Алимбекова Л.Т.: жоғарыда айтылғандарға байланысты адам ресурстарының қажеттілігін, жоспарлауын, оқытуын және пайдалануын есептеу үшін дәлелді тәсілдер қажет. Дегенмен, нарықтық экономиканың қазіргі жағдайында медициналық кадрларды дамыту мен бөлудегі кемшіліктерді анықтау өзекті мәселе болып калуда. Жоғары буын медицина мамандарына денсаулық сақтау қажеттіліктерін қанағаттандыру әлеуметтік тапсырысты орындау негізінде мемлекеттік секторда жүзеге асырылуы тиіс. Бұл жұмыс мамандарды даярлау және жұмысқа орналастырумен байланысты, өйткені адам ресурстары, бір жағынан, қомақты шығындарды талап етеді, ал екінші жағынан, көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасы мен саны көбіне соларға байланысты.

АК төрағасы Бабаева К.С.: әр қызметтің белгілі бір бейініне, білім мен дағды деңгейіне «мақсаттылық» шеңберінде медициналық кадрларды даярлау және кәсіби бағдарлау денсаулық сақтау саласындағы кадр саясатының негізгі аспектісі болып табылады. Медициналық білім беру мекемелері қызметінің нәтижесі денсаулық сақтау жүйесінің тиісті бейіні мен біліктілігі бойынша мамандарға қажеттілігін қанағаттандыру болуы тиіс. Саланың алдында медициналық кадрлармен жеткіліксіз қамтамасыз етудің өзекті мәселесі тұрғандықтан, кадрларды даярлау мен қайта даярлауды қадағалау, кәсіптік

бағдар беру үлгілерін әзірлеу, медициналық персоналды басқару әдістемесін өзгерту, олардың даму тенденцияларын анықтау қажет.

АК мүшелерінің талқылауы нәтижесінде нарықтық қажеттіліктерге сәйкес БББ-на толықтырулар немесе жаңартулар жасау туралы басшылыққа ұсыныс беру қабылданды.

4. ШЕШІМ: «Денсаулық сақтау» бағыты бойынша нарықтық қажеттіліктерге сәйкес БББ-на толықтырулар немесе жаңартулар жасау туралы басшылыққа ұсыныс берілсін.

5. Университет түлектерінің моделін әзірлеу (әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру; түлектер моделін әзірлеу). Жауаптылар: АК төрағасы Бабаева К.С., комиссия мүшелері.

АК төрағасы Бабаева К.С. БББ бойынша түлектер моделін әзірлеу бойынша ұсыныстар айтуды сұранды.

АК мүшесі Татыкаева У.Б.: интеграцияланған БББ-ын әзірлеу барысында түлектер моделін құрастыру «оқыту әдістеріне» және «оқыту нәтижелеріне» байланысты болады. Болон процесіне сәйкес әзірленген БББ-на замануи талаптарға қарай жаңартулар енгізілуін ұсынамын.

АК мүшелері алдыңғы әзірленіп, бекітілген БББ-ларды негізгі ала отырып, осы тақырыптарда семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру және жоспарын құру ұсынылды.

5. ШЕШІМ: университет түлектерінің моделін әзірлеу тақырыптарында әдістемелік семинар және тренинг ұйымдастыруға ұсыныс берілсін.

Академиялық комитет төрағасы



Бабаева К.С.

Академиялық комитет хатшысы



Ахатаева М.Б.